



KASE АПТАЛЫҒЫ

06–10 Қазан, 2025

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- **ХАБАРЛАМА:** шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын, KASE акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы.
- KASE 2025 жылдың 05 қарашасынан бастап KASE индексін есептеу үшін өкілдік тізімді [анықтады](#).
- KASE жылдық есептер конкурсын өткізу туралы [хабарлайды](#).
- KASE ресми тізіміне "Банк ЦентрКредит" АҚ [KZ2C00015626](#) (CCBNpp2), "Азық-түліктік келісімшарт корпорациясы" Ұлттық компаниясы" АҚ [KZ2C00015444](#) (PRKRb12), "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ [KZ2C00015824](#) (BRKZb46), "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ [KZ2C00015857](#) (IDFRb8) және [KZ2C00015816](#) (IDFRpp3) және iShares China Large-Cap ETF [Us4642871846](#) (FXI_KZ) ETF енгізілді.
- KASE-де "Бәйтерек" Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ [XS3189694345](#) (BTRKe2) халықаралық облигацияларымен, "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ [KZ2C00012144](#) (KFUSb87), "Азық-түліктік келісімшарт корпорациясы" Ұлттық компаниясы" АҚ [KZ2C00015071](#) (PRKRb11) облигацияларымен сауда-саттық ашылды, "ҚазАгроҚаржы" АҚ [KZ2C00015535](#) (KAFIB16) және [KZ2C00015543](#) (KAFIB17) сауда-саттық ашылды.
- "Mogo Kazakhstan (Мого Қазақстан)" МҚҰ" ЖШС [KZ2P00014459](#) (MFMOB29) облигациялары "таза" бағамен сауда-саттық тәртіптемесіне ауыстырылды.
- KASE-де 2025 жылдың қарашасында және 2026 жылдың қыркүйегінде орындалатын фьючерстік сауда-саттық [ашылды](#).

ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстан Қаржы министрлігі 363 333 МЕОКАМ [KZK200000778](#) (MOM060_0055) және 51,5 млн МЕУКАМ [KZKD00000972](#) (MUM216_0001) орналастырды.
- "ҚазАгроҚаржы" АҚ бес жылдық KZ2C00015535 (KAFIB16) облигацияларын орналастыра отырып, 20,0 млрд теңге [тартты](#).
- "ҚазАгроҚаржы" АҚ бес жылдық KZ2C00015543 (KAFIB17) облигацияларын орналастыра отырып, 10,0 млрд теңге [тартты](#).
- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00012409 (KFUSb92) облигацияларын орналастыру арқылы 3,8 млрд теңге [тартты](#).
- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ екі жылдық KZ2C00015105 (KFUSb105) облигацияларды орналастыру арқылы 4,6 млрд теңге [тартты](#).
- "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ бес жылдық KZ2C00015857 (IDFRb8) облигацияларын орналастыра отырып, 45,8 млрд теңге [тартты](#).
- "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ KZ2C00015857 (IDFRb8) облигацияларын орналастыру арқылы 4,2 млрд теңге [тартты](#).
- "СФК "СМК ФФ-1" ЖШС KZ2P00014632 (SFKFb1) облигацияларын орналастыра отырып, жазылым арқылы 1,1 млрд теңге [тартты](#).
- "Аграрлық несиесі корпорациясы" АҚ жазылым арқылы KZ2C00015246 (AGKKb23) облигацияларын орналастыра отырып, 30,6 млрд теңге [тартты](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР


- "Эйр Астана" АҚ Бас атқарушы директорға қатысты ақпарат [берді](#).
- "Қазақстан Халық Банкі" АҚ US46627J3023, US46627J2033 (HSBKd) ЖДҚ кері сатып алу бағдарламасы шеңберінде өзінің бағалы қағаздарымен жасалатын мәмілелер туралы ақпарат [берді](#).
- "Freedom Life" ӨСК" АҚ S&P Global Ratings агенттігі компанияның рейтингілік бағаларын көтергені туралы [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ қоғамның Sustainable Fitch ESG-рейтингін "2" деңгейінде растағаны туралы [хабарлады](#), жалпы балл 63-тен 66-ға дейін көтерілді.
- "Home Credit Bank" АҚ оған S&P Global Ratings агенттігі ESG-рейтингін бергені туралы [хабарлады](#).
- "BASS Gold" ЖШС Үшшоқы кен орнында Ашық есік күнін өткізу туралы [хабарлайды](#).
- "Фридом Финанс" АҚ "Fixed Income USD" ИИПҚ KZPF00000082 (FFIN_or) пайлары бойынша 2025 жылдың үшінші тоқсанына дивидендтер [төледі](#).

10.10.2025

Трендтер (%)

KASE Индексі	7 156,91	0,0	0,7
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Бағасы	Δ 7к	Δ 1а
Advanced Micro Devices, Inc.	221,0	31,4	43,3
АО "Национальная атомная компания "Казатомпром"	30 064,6	4,0	15,7
АО "KM GOLD"	67,8	3,6	1,3
PayPal Holdings Inc.	71,0	2,5	4,6
Intel Corporation	37,8	0,8	55,0
АО "Народный Банк Казахстана"	364,8	0,5	- 3,1
АО "Казхателеком"	39 700,0	0,5	- 1,5
АО "KEGOC"	1 484,0	0,1	2,8
Freedom Holding Corp.	173,0	-	2,4
NVIDIA Corp.	187,0	- 0,3	10,8
АО "Кселл"	3 295,0	- 0,4	- 2,7
АО "Национальная компания "КазМунайГаз"	21 937,4	- 0,7	11,1
Microsoft Corporation	516,1	- 0,8	3,2
АО "Банк ЦентрКредит"	5 017,0	- 1,0	- 9,1
Tesla, Inc.	421,7	- 1,5	22,3
АО "КазТрансОйл"	857,0	- 1,5	4,5
АО "Эйр Астана"	805,0	- 2,4	7,3
АО Kaspі.kz	44 350,0	- 2,7	- 9,7
Bank of America Corporation	49,3	- 3,0	- 1,3
Apple Inc.	248,7	- 3,9	4,1
AT&T Inc.	25,9	- 4,4	- 12,1
Pfizer Inc.	25,1	- 10,1	1,9
АО "ForteBank"	13,8	- 14,9	- 34,6

Анықтама: жасып түспен индекстік акциялар белгіленген



Бұрын тарихи максимумға жеткеннен кейін KASE Индексі өткен аптада 0,1 % түзетуді көрсетті және жұма күнгі сауда-саттық сессиясының соңында 7 157 тармақ белгісінде тіркелді.

Жаһандық депозитарлық қолхаттарды сатып алу бағдарламасы аясында Halyk bank 1-3 қазан аралығында, жалпы сомасы \$1,4 млн өзінің 54 мың жаһандық депозитарлық қолхатын кері сатып алды. Жаһандық депозитарлық қолхаттар от 25-тен 2 26-ға дейінгі бағамен кері сатып алынды. Банктің акциялары бір апта ішінде 0,5 %-ға өсті.


Kaspi.kz 2025 жылдың 10 қарашасында үшінші тоқсан мен тоғыз айдағы қаржылық нәтижелерді жариялайды. Бұл күні компания басшылығы есепті кезеңдегі компанияның нәтижелерін қарау және талқылау үшін шығыс уақыты бойынша таңғы сағат 8:00-де конференциялық қоңырау мен вебкаст өткізеді. Финтех компаниясының акциялары бір апта ішінде 3 %-ға төмендеді.

KASE Индексінің қаржы секторының басқа өкілі ЦентрКредит Банкінің акциялары бағамен 1 %-ға төмендеді.


Қазақстан мұнай өндіруді ішінара қалпына келтіреді. Қараша айында квота тәулігіне 7 мың баррельге артады. ОПЕК+ өтемақы кестесі шеңберінде қысқартулар кезеңінен кейін Қазақстан қараша айында өндірісті тәулігіне 1,563 млн баррель деңгейіне дейін 7 мыңға ұлғайту құқығына ие болады. ҚазМұнайГаз акциялары 1 %-ға төмендеді. Казхателеком акциялары 0,5 %-ға 39 700 теңгеге дейін, ал Kcell акциялары 0,4 %-ға 3 295 теңге белгісіне дейін өсті.

Жұма күні Қазақстан Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемені 18 %-ға дейін көтеру туралы шешім қабылдады, бұл ақша нарығындағы табыстылықты арттырды. Ақша нарығында аптаның қорытындысы бойынша TONIA бір күндік репо тарту мөлшерлемесі жылдық 16,07 % құрады. Бір күндік валюталық своп операцияларының бір аптадағы кірістілігі жылдық 11,90 %-ға дейін өсті.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



Тәуекелсіз қысық кірістілігі



Қыркүйек айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 1,9 %-ға, бір АҚШ доллары үшін 549,07 теңгеге дейін әлсіреді. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі бір айда 217 млн АҚШ долларынан 248 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 5,2 млрд АҚШ долларын құрады.

Қыркүйек айында Ұлттық қордан валютаны сату 500 млн АҚШ долларын құрады, бұл республикалық бюджетке трансферттер бөлуді, сондай-ақ "Талдықорған-Үшарал" магистральдық газ құбырын салу жөніндегі инфрақұрылымдық жобаны қаржыландыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Ұлттық қордың сату үлесі жалпы сауда көлемінің 9,6 %-ға немесе күніне шамамен 24 миллион АҚШ долларын құрады.

Үкіметтің алдын ала болжамды өтінімдері бойынша, күтілетін фискалдық түсімдерді ескере отырып, республикалық бюджетке трансферттер бөлуге қазан айында Ұлттық Банк Ұлттық қордан 600-ден 700 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатуды күтеді.

Айналау операциялары аясында қыркүйек айында 290 млрд теңге стерилизацияландырылды. Сонымен қатар, алтын бағасының айтарлықтай өсуі аясында айна шеңберіндегі өтімділікті алу көлемі алтын сатып алу жөніндегі операцияларға байланысты теңгелік эмиссия көлемінен артта қалып отыр. Ағымдағы жылдың басынан бері жинақталған алынбаған өтімділікті ескере отырып, айналау операциялары шеңберінде IV тоқсан ішінде 1,4 трлн теңге баламалы сомаға шетел валютасын сатуды жүзеге асыру жоспарлануда.


Ұлттық Банк тамыз айында валюталық интервенциялар жүргізген жоқ.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімнің бір бөлігін міндетті сату жөніндегі норма шеңберінде өткен айдың қорытындысы бойынша валюталық түсімді сату көлемі шамамен 378 млн АҚШ долларын құрады.

Бұрын айтылған жоспарға сәйкес, БЖЗҚ валюталық активтерінің үлесі шамамен 40 % құрайтынын ескере отырып, Ұлттық Банк қыркүйек айында зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліне АҚШ долларын сатып алуды жүзеге асырмады. Қазан айында валюта сатып алу да жоспарланбаған.


Шетел валюталарының бағамы

динамикасы
Δ %, база (01.01.24)



Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.

Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	
 S&P 500	6 552,51	-2,4	0,3	13,4	-2,5
 Dow Jones	45 479,60	-2,7	0,0	7,1	-2,8
 PTC	1 004,38	0,3	-7,1	12,3	
 MMBБ	2 588,56	-0,6	-11,2	-6,3	
 Hang Seng	26 290,32	-3,1	0,3	23,7	-3,3
 SS CSI 300	4 616,83	-0,5	3,9	15,5	-0,6
 Euro Stoxx 50	5 531,32	-2,1	3,2	11,3	-2,2
 FTSEuroFirst	6 228,00	-1,5	2,9	11,4	-1,5
 FTSE 100	9 427,47	-0,7	2,2	14,4	-0,7
 KASE	7 156,91	0,0	0,7	40,3	

Шикізат нарығы

10.10.2025

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	62,73	-2,8	-7,1	-21,0
Мұнай (WTI)	58,90	-3,3	-7,5	-22,3
Табиғи газ	3,11	-6,6	2,5	16,1
Мыс	489,40	-4,2	7,6	10,5
Темір	816,00	2,1	-3,7	6,1
Алтын	4 017,79	3,4	10,4	53,4
Күміс	47,25	-1,5	14,9	51,2
Астық	498,50	-3,3	0,7	-17,4

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
14.10 Германияның тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (а/а) (қырк.)	EUR	0,2%	0,2%
14.10 ФРЖ басшысы Пауэлл мырзаның сөзі	USD		
15.10 Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (қырк.)	USD		2,9%
16.10 ЖІӨ (м / м) (авг)	USD	0,1%	0,0%
16.10 Өндірушілердің баға индексі (PPI) (а/а) (қырк.)	USD	0,3%	-0,1%
17.10 Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (қырк.)	USD	4,3%	4,3%
17.10 Жұмыссыздық деңгейі (қырк.)	USD	4,3%	4,3%

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	12,9%	01.10.25	12,2%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	54,3	01.09.25	52,1
Ақша базасы, млрд KZT	14 687,1	01.08.25	14 019,2
Ақша масса, млрд KZT	41 189,3	01.08.25	46 895,6

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
S&P Global	BBB-/A-3 позитивті	23.08.25	BBB-/A-3 тұрақты
Moody's	Вaa1/тұрақты	09.09.24	Вaa2/позитивті
FitchRatings	BBB/тұрақты	15.07.25	BBB/тұрақты

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы,
А15G7M6, Алматы қ., Байзақов көшесі, 280-үй,
Almaty Towers көпфункционалды кешенінің
солтүстік мұнарасы, 8-қабат

Тел.: +7 (727) 237 53 23
+7 (727) 237 53 28

KASE




FAQ

in



f



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.